

"Қазақстан Республикасының әкімшілік аумақтық құрылысының өзгертілуіне байланысты кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 23 мамырдағы N 3523 өкімін жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 26 мамырдағы N 880

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысының өзгертілуіне байланысты кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 23 мамырдағы N 3523 N973523_ өкімін жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Алматы, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарының әкімдері Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесіп:

1997 жылға арналған облыстық бюджеттерді нақтылау кезінде олардың жұмыс істеуінің дотациясыз режимін сақтай отырып жалпы республикалық және жергілікті салықтардан Арқалық, Жезқазған, Көкшетау, Семей және Талдықорған қалаларының бюджеттеріне аударулардың бұрын белгіленген нормативтерінің азаюына жол бермесін ;

мемлекеттік органдардың аппараттарын қысқарту кезінде босаған қаражатты зейнетақылар мен бюджеттік ұйымдарға жалақы төлеу жөніндегі берешектерді өтеуге бағыттасын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаменті мемлекеттік жоғары оқу орындары мен соғыс және еңбек ардагерлеріне, зейнеткерлер мен мүгедектерге қызмет көрсетіге арналған әлеуметтік сала мекемелеріне, сондай-ақ соттар мен құқық қорғау органдарына беру үшін таратылған облыстар бойынша мемлекеттік органдардың босаған үйлерін тиімді пайдалану жөнінде шаралар қолдансын.

3. Ақмола, Алматы, Шығыс Қазақстан, Қарағанды және Солтүстік Қазақстан облыстарының әкімдері Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігімен , Білім және мәдениет министрлігімен бірлесіп бір ай мерзімде таратылған облыстардың өзінің мәртебесі мен тиісті қаржыландырылуын сақтаған мемлекеттік денсаулық сақтау, білім, спорт, мәдениет және өнер мекемелерінің тізбесін айқындасын .

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1997 жылдың 1 маусымына дейін Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістерді ескере отырып жергілікті атқару органдарының құрылымын, штаттық санын және оларды ұстауға арналған лимиттерді айқындасын.

5. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі Қазақстан

Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесіп таратылған облыстарға 1997 жылға көзделген инвестициялардың көлемін сақтасын және оларды Арқалық, Жезқазған, Көкшетау, Семей және Талдықорған қалаларын элеуметтік-экономикалық дамытудың перспективалық бағдарламаларын жүзеге асыру үшін қосымша тарту жөнінде шаралар қолдансын.

6. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі пен Экономика министрлігі 1997 жылдың 1 маусымына дейін бірқатар аймақтарды таратуға байланысты жергілікті өкілді органдардың өтпелі кезеңге арналған өкілеттіктерін атқаруын қамтамасыз ететін тиісті өзгерістерді көздейтін Қазақстан Республикасының заңы жобасын Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынсын.

7. Ақмола, Алматы, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарының әкімдері:

1) 1997 жылдың 20 маусымына дейін мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметіне таратылған облыстардағы босаған мемлекеттік қызметкерлерді мемлекеттік органдардағы бос лауазымдарға барынша пайдаланып еңбекке орналастыру және оларға көзделген жеңілдіктер мен өтемақыларды ұсыну туралы ақпарат ұсынсын;

2) бір ай мерзім ішінде Үкіметке:

әрбір берілетін үйдің мақсатты арналуы, тиісті қайта жаңарту жүргізу, қажетті жабдықтармен жарақтандыру үшін қаражат қажеттілігі және шығындарды тиісті бюджеттердің қаражаты есебінен қаржыландырудың көздері туралы;

таратылған облыстардағы қалалық атқарушы органдарды, ұлттық қауіпсіздік, прокуратура, Тергеу комитеті және ішкі істер органдарын материалдық нығайту жөніндегі шаралар туралы;

таратылған облыстардағы мемлекеттік органдардың көрсетілген мақсаттарға, сондай-ақ мемлекеттік қажеттілік үшін пайдалануы мүмкін емес үйлері мен басқа да объектілерін заңда белгіленген тәртіппен жүзеге асыру туралы ұсыныстар енгізсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі